

1997 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде акциз салығын өндіріп алудың принциптері туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 шілде N 1160

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде акциз салығын өндіріп алудың принциптері туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде хаттама жасалсын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Даниал Кенжетайұлы Ахметовке 1997 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде акциз салығын өндіріп алудың принциптері туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде хаттама жасауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан уәкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

1997 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Қырғыз Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарларды экспорттау
және импорттау кезінде акциз салығын өндіріп алудың принциптері
туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде
Х А Т Т А М А

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі сауда-экономикалық ынтымақтастықты
дамытуға ұмтыла отырып,

1997 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз
Республикасы Үкіметінің арасындағы Тауарларды экспорттау және импорттау кезінде
акциз салығын өндіріп алудың принциптері туралы келісімнің ережелерін іске асыруды

қамтамасыз ету мақсатында оған мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге к е л і с т і :

1. 1-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.
2. 2-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "его" деген сөз "ее" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;
3. Мынадай мазмұндағы 2-1, 3-1-баптармен толықтырылсын:

"2-1-бап

Тауарларды өткізуге және акциз салығын төлеуге бақылау

Осы Келісімнің ережелерін қолдану және тауарлардың импорты кезінде акциз салығын жинаудың толықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ жалған экспортты болдырмау мақсатында Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуге және акциз салығын төлеуге бақылау жасау тетігін әзірлейді және оны іске қосады.";

"3-1-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге

өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке Хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады."

4. 4-баптың 3-тармағы алынып тасталсын.

Осы Хаттама Келісімнің 4-бабына сәйкес күшіне енеді.

_____ қаласында 2000 жылғы " ____ " _____
әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК